

"Бастау Бизнес" жобасы Бағдарламаға қатысушыларды кәсіпкерлік дағдыларына оқытуға, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалыптастыру қағидаттарына, сондай-ақ олардың бизнес жобаларын сүйемелдеуге бағытталған.

Экономиканы тұрақтандыру жағдайында кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселесі маңызды болып отыр. Ауылдың жағдайын жақсартуда кәсіпкерліктің рөлі зор. Бәрімізге белгілі елдің тірегі – ауыл. Ауылды дамыта отырып, біз рухани дүниемізді де, байлығымызды да дамытамыз. Халықтың саны көбейіп, жейтін тамағы таза өнімдер болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. ҚР Президентінің 2018 жылға арналған Жолдау
2. Бисенғазиев М.Б., Хамитов А.Ш. Кәсіпкерлік негіздері
3. Исабеков Б.Б. «Қазақстанда кәсіпкерлікті қалыптастыру жүйесі және оның даму перспективалары
4. Бизнесінің жол картасы – 2020 бағдарламасы

РЕЗЮМЕ

В статье приведены направления и этапы развития предпринимательства, государственные программы

RESUME

The article examines the stages of development of entrepreneurship in Kazakhstan.

УДК: 005.342:658

Сағынғали А. Р., магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада кәсіпорынның экономикалық тиімділігін арттыру жолдары қарастырылған. Сонымен бірге экономикалық тұрақсыздық жағдайында нарықтық экономикада әр кәсіпорын үшін мақсатқа жетудегі негізгі категория - өндірістің тиімділігі болып табылатындығы айтылған. Кәсіпорын тиімділігін анықтауда, зерттеуде экономикалық тиімділіктің маңызы зор. Экономикалық тиімділікті сипаттайтын көрсеткіштер болып өтімділік, рентабелділік, еңбек өнімділігі, ресурстарды тиімді қолдану танылады. Аталған көрсеткіштермен бірге, бәсекеге қабілеттілік әсіресе, экономикалық тұрақсыздық жағдайында өте маңызды.

Түйін сөздер: кәсіпорын, өнім, экономикалық көрсеткіштер, өндіріс, экономикалық тұрақсыздық, тиімділік

Экономикалық тұрақсыздық жағдайында нарықтық экономикада қай кәсіпорында болсын мақсатқа жетудегі негізгі категория- өндірістің тиімділігі болып табылады. Кәсіпорын тиімділігін анықтауда, зерттеуде экономикалық тиімділіктің маңызы зор.

Кәсіпорынның белгілі бір нәтижеге қол жеткізуде экономикалық тиімділік түсінігі сипаттайды. Кәсіпорын үшін осы түсінікті талдау, ол көрсеткіштерді жоғарылату жолдары қай кезде де басты мәселе болған.

Экономикалық тұрақсыздық жағдайында кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру жолы Қазақстан үшін кәсіпорын тұрғысында өте маңызды. Осы аталған түсінікті, яғни, өндірістік-шаруашылық қызмет, экономикалық тиімділік көрсеткішін арттыруға көңіл бөлген жөн. Бұл көрсеткіштерді арттыру үшін кәсіпорынның статистикасына аса мән беріп, соңғы қызметінің өсу, кему динамикасын, құрылымына әсер ететін факторларды да есепке ала отырып, шаруашылық қызметтен түсетін табыстыды талдау маңызды.

Өнімді шығарғаннан кейін барлық төлем, салықтарды төлегеннен соң қалған таза пайдасы бар кәсіпорындарды – экономикалық тиімді кәсіпорындар деп атаймыз. Және кәсіпорындар үшін маңызды көрсеткіш болып: рентабельділік пен табысты зерттеп, талдау, кәсіпорынның мүліктік жағдайын анықтау, еңбек ресурстарды дұрыс пайдалану, техника-экономикалық көрсеткішін талдау және шыққан нәтижелерді анықтай келе дұрыс шешімдерді қабылдау ең керек көрсеткіш болып табылады.

Кәсіпорын экономикалық тиімділігін арттыруды бағалаудың негізгі міндеті: кәсіпорын қазіргі жағдайын, оның қызмет функцияларын түзетуді қамтамасыз ететін теріс жақтарын анықтау.

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін арттыруды бағалауда қабылданатын шешімнің экономикалық негізділігі, шаруашылық жүргізуші субъект ретінде кәсіпорын сақталуы үшін аса маңызды жағдайлар болып табылады. Бұл жағдайларда ең тиімді шешім болып кәсіпорын қызметін талдайтын, нақты баға беретін тәжірибелі сарапшы болуы керек. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін талдап, зерттей келе бизнес-жоспар мен басқару шешімдері шешіледі. Олар жүзеге асқан соң, кәсіпорын қызметінің нәтижелері бағаланады және болашаққа болжам жасалынып, өндіріс тиімділігін өсіретін бағыты айқындалады.

Экономиканың тұрақсыздық жағдайында кәсіпорынның қызметінің қаржылық нәтижелерін уақыт кезеңдері бойынша бағалап, экономикалық тиімділік көрсеткіш деңгейін анықтау өзектілігін жоғалтпайды, себебі оның нәтижелік көрсеткіштері нарықтағы жағдайға қарай өзгеріп отырады.

Қазақстан Республикасында қазіргі және орта мерзімді дамуындағы ең маңызды стратегиялық бағыты экономикалық дамуды тек қана экстенсивтік емес, интенсивті, индустриалды-инновациялық факторлар арқылы қанағаттандыру болып табылады. Бұл үшін еңбек уәжі мен сонымен қоса ынталандыру жүйесін қалыптастырудың нақты әдістері анықталуы тиіс. Экономикалық тұрақсыздық жағдайында кәсіпорынның өндіріс тиімділігін арттыруда объективтік қажеттілік, кеңейтілген ұдайы өндіріс процессі мен экономикалық процессінің бір-бірімен тығыз байланысты. Дамытудың қозғаушы күштерінің бірі болып есептелетін экономикалық мүдделер, өндіріс тиімділігінің өсуіне ынталандырудың ғылыми жүйесін пайдалы қолдану арқылы жақсы әсер етеді. Экономикалық мүдделер ынталандыруды жалпы қоғамның заңдылықтарымен біріктіріп отыратын маңызды буын негізінде есептеледі.

Тиімділік сөзі латын тілінде «effectus»- «орындау», «әрекет» деген мағынада. Алғашқы кездерде тиімділік сөзі тек техника мен технология барысында қолданылып келді. Тиімділік ретінде орындалған жұмыс көрсеткішін іске асыруда жұмсалған күштің қатынасы я болмаса нақты нәтижелерінің қатынасы деп айқындалады. Содан соң тиімділік термині объективті немесе технологиялық ұғымнан басқа, бағалаушы және салыстырмалы катигория болып табылады.

Кейініректе тиімділік термині экономикалық қызметпен байланысты салаларда да кеңірек қолданылды. Өндірістік процестің экономикалық тиімділігі- өнім көлемінің өндіріске керек шығын көлеміне қатынасы ретінде сипатталады. Экономикалық тиімділік мына факторларға тәуелді: өндірілетін өнім түріне, өткізу нарығына, өндіріс әдісіне, тұтыну көлеміне.

Экономикалық тиімділік – маңызды элеуметтік-экономикалық категория болып табылады. Оны сандық және сапалық тұрғыдан анықтауға болады. Сапалық бөлігі тиімділіктің теориялық, логикалық мазмұнын анықтайды, ал сандық бөлігі үнемдеудің

(уақытты, ресурсты) нәтижеге әсерін айтады. Олай болса, қоғамның өз дамуының барлық өтпелі кезеңдерінде өз қуатын, ресурсын үнемдеп пайдаға асыруы керек. Қоғамдық өнім көлемін арттыруда минималды шығынды қолдана жүріп, жүзеге асыруы керек. Қорытындылай келе, экономикалық тиімділіктің объективті критеріі—ресурс мен шығынның минималды мөлшерін қолдана отырып, оптималды нәтижелерге ие болу болып табылады.

Экономикалық тиімділік мөлшері экономикалық өсім жылдамдығы, халықтың күнкөріс деңгейі, инфляция деңгейі, еңбекке қабілеттілік сияқты әлеуметтік—экономикалық мәселенің шешімін табуына көмектеседі.

Сонымен, кәсіпорындағы шаруашылық қызметінің экономикалық тиімділігі ол үшін бағасын немесе табыстың құндылығын бейнелейді.

Экономикалық тиімділіктің түрлері:

- мазмұнына қарай: әлеуметтік, экономикалық;
- пайда болу мақсатына қарай: халық шаруашылық және шаруашылық-есептік;
- бағалау объектілерінің қамтылуына қарай: толық, локальды (жергілікті);
- мақсатына қарай: жоспарлы, нақты және нормативтік;
- есептеу әдісіне қарай: абсолютті және салыстырмалы;
- масштабына қарай: салалық, жалпы экономикалық;
- бағалау объектісіне қарай: өндірістік-шаруашылық қызметі, функциялары, шаруашылық үрдісі элементтері болып үшке бөлінеді [1].

Әр түрлі экономистер қызмет ету тиімділігіне өздерінің дәлелденген анықтамаларын ұсынған болатын.

Экономикалық тұрақсыздық жаңдайында кәсіпорынның тиімділік деңгейі негізінен инфляция деңгейінің азаюы, жұмыс және демалыс жағдайының жоғарылауы сияқты экономикалық және әлеуметтік мәселені шешуге бағытталғаны жөн.

Тиімділіктің критерийлерінің осындай иерархиясы логикалық жағынан қисынды және нарық экономикасындағы жағдайды баяндайды, демек, қызмет көрсетудің жалпы ұлттық тиімділігі, қызмет етудің бірінші ұяшығы қызметінің тиімділігіне тәуелді болып табылады (кәсіпорын, акционерлік қоғамның). Бірінші буының қызмет ету тиімділігі артқан кезде бүкіл жалпыұлттық экономика тиімділігі арта түседі. Қоғамда, мемлекетте әлеуметтік және экономикалық мәселені шешу үшін ресурс жеткілікті болады [2].

Өндіріс тиімділігін экономикалық ынталандырудың негізгі белгілері мыналар болып табылады:

- экономикалық өсімнің бірқалыпты өсуі;
- отандық, әлемдік нарықта өзінің өндірген тауарының бәсекеге жарамды болуы;
- ел тұрғындарының әл-ауқатының және материалдық жағдайының жақсаруы;
- жаңа технологияларды толығымен игеру және оған ғылыми және инновациялық қызмет әсері, адам капиталын дұрыс қолдану;
- басқару тиімділігін арттырған кездегі өндірістік тиімділікті пайдаланар кезінде үнемдеп, еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасау.

Негізгі өндірістік қорды пайдалану негізінде қосымша капиталсыз өнім көлемін көбейтуге, еңбек өнімділігінің өсіміне, өнімнің өзіндік құнының азаюына, өндіріс рентабелділігінің артуына, капитал салымдарын реттеуге, тиімділікті алуда уақыт үнемділігі іске асырылады.

Жоғарыда берілген ақпараттар негізінде қазіргі таңда маңызды болып табылатын экономикалық тұрақсыздық жағдайында кәсіпорынның қызметінің тиімділігін көбейтуге себеп болатын факторларға қарастыратын боламыз.

Кәсіпорын табысты жұмыс жасауы үшін, қалыптасуы үшін және де рентабельділікті көбейту үшін жетілдіру, даму жолдарын қарастыру керек.

Әрбірі кәсіпорын өндірістік-шаруашылық қызметінің әртүрлі аспектілерін сипаттайтын өндіріс тиімділігінің жалпылама көрсеткіш жүйесін қолдану тиімділікті әртүрғыда және көпсалалы бағалауға, сондай-ақ өндірістік көрсеткішді жақсарту

әдістері мен тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік сыйлайды.

Жалпылама көрсеткіш жүйесінде кәсіпорын рентабельділігі ең маңызды болып саналады. Бұл көрсеткіштің көбеюі, біріншіден, табыс мөлшерінің молаюына, екіншіден, өндіріс ресурсын үнемді пайдалану мен шығынның төмендеуіне алып келеді.


Рентабельділік табысқа тура қатысты болған себепті, оны көбейтудің жолдарын табысты көбейту тәсілдерінен іздеу қажет. Ал табысты көбейтудің бірден-бір және ең басты жолы сатылымнан, сонымен қатар кәсіпорын басқа да өндірістік-сауда қызметтерінен кәсіпорынға түсетін кіріс көлемінің молаюы болып есептеледі. Әйткенмен өнеркәсіптік кәсіпорында пайданың басты қайнар көзі болып тауарды сатудан алынатын түсім саналады. Өндірілген өнімді сатудан түсетін түсімді мына шаралар арқасында көбейтуге болады:

- маркетингтік ізденулер нәтижесінде нарықты зерделеу және тұтынушы таңдауына сәйкес келетін өнім түрімен оларды қамтамасыз ету;
- сапасын арттыру арқасында өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру, өзіндік құнын төмендету;
- кәсіпорын инновациялық қызметі мен нарыққа жаңадан өнім түрлерін кіргізу арқылы шығарылған сапалы тауарға деген бағаны қымбаттату.

Сонымен қатар өндірістік қызмет тиімділігі сатылған тауардың өзіндік құнына да байланысты болады. Өзіндік құн арзан болған сайын аталған көрсеткіш арта беретін болады (егер басқа көрсеткіш тұрақты болып сақталса)

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру мәселесінде ең бірінші атқарылатын іс-шаралар: қорларды анықтау, өндіріс мөлшерін арттыру, өнімнің (қызмет, жұмыс) өзіндік құнын төмендету, табысты арттыру және кәсіпорын рентабельділігін көбейту болып есептеледі.

Табысты арттыру қорларын іздестіру мен кәсіпорын рентабельділігін көбейтудегі басты бағытты анықтауда оларға әсер ететін факторларды бірнеше белгілер бойынша топтастыруға болады (сурет 1).



Сурет 1. Табысты арттыру резервтері мен рентабельділікті көбейтуге әсер етуші факторлардың жіктелуі

Е с к е р т у - жарық көрген мәліметтер негізінде құрастырылды

Ішкі факторларға табиғат жағдайлары, бағалардың, тарифтердің, пайыздың, салық жеңілдіктерінің, айыппұл шараларының, инфляцияның т.б. мемлекеттік реттелуін жатқызамыз. Аталған факторлар кәсіпорын қызметіне тәуелді болмайды, алайда кәсіпорын табысының көбеюі және рентабельділіктің артуына маңызды дәрежеде әсер ете алады.

Ішкі факторларды өндірістік, өндірістік емес деп екіге бөлеміз. Өндірістік факторлар еңбек заты мен құралын, еңбек және қаржылық ресурсты қолдануды сипаттай отырып, өз кезегінде экстенсивті, интенсивті болып екі түрге жіктеледі. Экстенсивті фактрлар табыс алу үрдісіне сандық өзгерістер арқасында ықпал жасайды:

еңбек заты мен құралының, қаржы ресурсының мөлшері, жабдықтар қызметінің уақыты, қызметкерлердің саны, жұмыс уақытының қоры және басқалар. Интенсивті факторлар пайданың артуы және қалыптасуына, сондай-ақ рентабельділіктің артуына «сапалық» өзгерістер арқылы ықпал жасайды: жабдықтардың сапасы мен өнімділігін жақсарту, үдемелі материалдарды қолдану, жөндеу жұмыстарындағы технологияларды дамыту, айналым қорлары айналымдылығының жылдамдығын көбейту, қызметкерлердің еңбек өнімділігі мен олардың біліктілігін өсіру, өнімнің еңбексыйымдылығы және материалсыйымдылығын төмендету, еңбекті ұйымдастыруды жақсарту мен қаржылық ресурсты үнемді қолдану және т.б. [3, 270б].

Өндірістік емес факторларға жататындарды айтатын болсақ: жабдықтау-өткізу, табиғатты қорғайтын қызметтер, еңбектің әлеуметтік шарттары, т.б. жатады.

Кәсіпорын қаржы-шаруашылық қызметін орындау процесінде жоғарыдағы сипатталған факторлардың бәрі өзара тығыз қатынаста және тәуелділікте болады. Өнімнің өзіндік құнына «тура» ықпал жасау (табыс және рентабельділікке де) материалдық ресурстың қаншалықты дәрежеде тиімді және үнемді жұмсалатындығына қатысты: өнімнің өзіндік құнындағы материал шығынының үлесі 60% пен 90% арасында өзгеріп отырады.

Шығынды азайту:

- бірінші кезекте, кәсіпорын кірісін молайтудың, кәсіпорын техникалық жағынан жабдықталуының, тауардың жаңа түрлерін дайындаудың, еңбек ұжымының әлеуметтік қамсыздандырылуының, сонымен қатар кәсіпорын меншік иесінің мүддесін қанағаттандырудың қайнар көзі болып саналады;

- екінші кезекте, нарықтағы бәсекелестік күрестің басты және негізгі шарты болып есептелетін өнімге деген бағаны төмендетуге мүмкіндік береді. Бәсекелестікте кім сапалы өнімді төмен бағамен ұсынса, сол жеңіп шығады. Бағаны төмендету арқасында кәсіпорын көп мөлшерде тұтынушыларды тартуға, нарықтағы үлесін арттыруға және де сату көлемінің артуы себебінен жалпы пайданың көлемін көбейтуге мүмкіндік алады.

- Үшінші кезекте, кәсіпорын басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланылатын шығынның артуына алып келетін айналым құралына деген қажеттілікті төмендетеді.

Шығынды төмендету, пайданы көбейту және де соған сәйкес өндіріс тиімділігін арттырудағы мақсат өнімнің сатылым мөлшерін көбейту мен ассортиментін өзгерту амалдары арқылы тауар тобынан түсетін түсім болсын, жалпы кәсіпорынға түсетін түсім болсын шығынмен салыстырғанда алда болуы тиімді.

Өндіріс тиімділігін басқаруды қалпына келтіріп және оның маңызды іс-шарасы болып, жаңаруды қаржыландыру және техникалық қамсыздандыру мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның өндірістік потенциалының тоқтаусыз дамуы, техника мен технологияларды жаңартып отыру ресурсты үнемді және тиімді қолдануға, өндірістік шығынды төмендетуге, бәсекелестікті арттыруға және өндірісті жүзеге асыруға нақтылы мүмкіндік береді.

Өндіріс факторларын арттырып, залалдарды бәсеңдету және рентабельділік пен төлемқабілеттілікті арттыру көпшілік жағдайда инвестициялық факторларды қолдану арқылы болжанылады.

Шығынкөрсеткішін құрған кезде шығынды азайту мен пайданы арттырудың маңызды тетігі болатын өнертапқыштық әрекеттің жаңа импульсін, шетелдік тәжірибелердің есептерін ескерген жөн. Аталмыш мәселені шешер кезде бәсекелес фирманың еңбек өнімділігі деңгейінде еңбек ресурсын пайдалануына басты назар аудару керек [4, 81б].

Мобилизация деп өндірісті ұлғайту және шығарылатын өнім мөлшерін көбейту әдістерін қолдану арқылы ұйымдарда пайданы өсіру іс-әрекеттерін жүзеге асыруды айтамыз. Яғни, экономикалық тұрақсыздық жағдайында жұмыс күшін сақтап қалу және

кәсіпорын қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуде бұл таптырмас амал болып табылады. Нәтижесінде ұйымның экономикалық тиімділігін бірқалыпты сақтауға көмектеседі.

Жалпы өндіріс пен еңбекті басқаруды жақсарту үрдісі шығындарды азайту арқылы пайданы арттыру есебінен еңбек өнімділігінің артуын немесе залалдарды азайтуды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге басты мақсат – экономикалық тиімділікті арттыруды көздейді. Нәтижесінде, кәсіпорындағы өндіріс пен еңбекті басқару мен ұйымдастыруды жақсарту үшін келесі шаралар жүргізіледі:

- кәсіпорындағы еңбек күшін басқару, еңбек құралдарын пайдалану;
- өндірістік үрдістерді, өндіріс инфрақұрылымын, өнім сапасын жақсарту, өндірісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, өнімді шығару мен сату шараларын ұйымдастыру.

Жалпы экономикалық тиімділікке келесі факторлар әсер етеді:

- кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаңа технологияларды игеруге мүмкіндік беретін кәсіпорында ҒТП-тің дамуы;
- өндірісті қайта құрылымдау, жағарту жұмыстарын жүргізу, мамандану және кооперациялаудың сапалы түрде жүргізілуі;
- жетілдірілген басқару тәсілдерінің жүйесі;
- кәсіпорын персоналдарының біліктілігін арттыру, еңбекті тиімді жоспарлау жүйесін жетілдіру;
- әлемдік өндірістің даму сатысындағы артықшылықтарды қолдану.

Қорытындылай келе, жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында өндірістің экономикалық тиімділігін анықтаған кезде, экономикалық нәтиже еңбек, материал шығынымен, өндірістік қорларымен (негізгі және айналым), капитал салымдарымен және табиғат ресурсымен сәйкестендірілетіндігін ескеру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ильин А.И. Кәсіпорынды жоспарлау. - Минск, 2015.- Б. 129 -133.
2. Жатқанбаева Е.Б. Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан. /под ред. Е.Б. Жатқанбаева/ Алматы, 2016.
3. Прыкина Л.В. Экономический анализ предприятия: Учебник. Пятое издание, переработанное и дополненное. - Москва, 2016.
4. Қасымова А.Қ. Экономикалық талдау: Оқулық. – Қарағанды: Ақ Нұр, 2012.-260 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается проблема пути повышения эффективности работы предприятия. Предложены пути повышения показателей экономической эффективности. Пути повышения эффективности производства — комплексная система мероприятий, связанная с ростом результативности деятельности в определённых направлениях. Существует множество показателей, которые характеризуют эффективность производственной деятельности: рентабельность, ликвидность, производительность труда, трудоёмкость, материалоёмкость продукции, использование ресурсов, фондоёмкость и многие другие. Так же немаловажным показателем эффективности деятельности предприятия является его конкурентоспособность.

RESUME

This article addresses the problem of ways to improve the efficiency of the enterprise. Ways to increase the indicators of economic efficiency are proposed. The ways of increasing the efficiency of production are a complex system of measures connected with the growth of productivity of activity in certain directions. There are many indicators that characterize the efficiency of production activity: profitability, liquidity, labor productivity, labor intensity, material consumption of products, capital ratio and many others. As an important indicator of the effectiveness of the enterprise is its competitiveness.